



**Автор:** Дынбаева Салтанат Ивановна

**Пән:** Дүниетану. Тарих компоненті

**Сынып:** 3-сынып

**Бөлім:** Өнер

**Тақырып:** Менің отбасымның рухани құндылықтары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтарын анықтау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: - «жылы ұя», «отбасы» түсініктерінің мағынасын ашады; - туғандарына, жақындарына қамқорлық танытуға тырысады. Көптеген оқушылар: - отбасының құндылықтарына құрметпен қарайды; - отбасылық құндылықтарды сақтаудың қажеттілігін түсінеді. Кейбір оқушылар: өз отбасының өткен өмірін «көре» біледі; өзінің болашақта құратын отбасы туралы ойланады.
Тілдік мақсаттар:	Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Талқылауға арналған сұрақтар: -ЮНЕСКО деген не? -Қазақстанның қандай бейресми рәміздерін білесіңдер? -Қазақстанның қандай мәдени ескерткіштері бар? Жазуға берілетін тапсырмалар: -«Қазақстанның жеті кереметінің» тізімін жасау -«Менің өлкемнің өнер адамдары» тақырыбына шығарма жазу -«Мен ежелгі түркілерде қонақтамын» тақырыбында әңгіме құрау
Күтілетін нәтиже:	отбасының құндылықтарына құрметпен қарайды; отбасылық құндылықтарды сақтаудың қажеттілігін түсінеді.
Бастапқы білім:	Оқушыларда 1,2 сыныпта «Мен және менің отбасым» тарауларынан отбасы шежіресі және құндылықтары туралы түсініктері бар

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Сергіту жаттығуы «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау) Жаңа топ құру. Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. 1-топ «Сары» 2-топ «Көк» 3-топ «Қызыл» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Тест тапсырмаларын тарату. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	стикерлер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Ширату тапсырмасы. Бала, бала, бала деп Түнде шошып оянған. Түн ұйқысын төрт бөліп Түнде бесік таянған. Қолын қатты тигізбей Кірлікөйлек кигізбей Иісін жұпар аңқытқан (Ана) Тағдырдың кеуде тосыпжартасына, Біз үшін түскен майдан ортасына, Алаңсыз салып сайраншалқып жүрміз Біз бүгін олардың арқасында. (Әке) Дегенімді жасайтын Қалған тамағымды асайтын Ертіп алып жетектеп «Немерем» – деп атайтын (Әже) Айтары мол ғұлама Көп жасасын бұл адам, Әкесі ол әкеңнің Білер оны сұраған (Ата) Томпиған кішкентай балапан – Жүреді жерде еңбектеп. Сүп-сүйкімді балақай. (Іні) Мені де, ағамды да жақсы көреді Бірақ сәнденгенді көбірек жақсы көреді. Өте сәнқой қыз. (Сіңлісі немесе қарындасы) ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) «Ойлан» айдарындағы мәтінді оқу. (Т) Тапсырма: отбасы мүшелері қандай сөздерді жазған? Оқулықтағы «Анықтауды үйрен» айдары сендерге көмекке келеді («Ауысу» стратегиясы). 1) Топтар сұрақтарға жауап береді. 2) Мұғалімнің белгісінен кейін топтар орындарымен ауысады және басқа топтың жауабын толықтырады. 3) Барлық жауаптарды талқылау және сұрақтың нақты жауабын көрсету. Дескриптор: отбасының құндылықтарына құрметпен қарайды; Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау Сергіту сәті «Жақсылық тамшысы»</p>	суреттер, кеспе қағаздар
Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. Мұғалім: Әр отбасында отбасылық фотосуреттер бар. Отбасылық альбомдарды құрастыру және оларды сақтау дәстүрі әр отбасында бар. Фотосуреттер қымбат адамдарымыз жайлы, өмірімізде болған оқиғалар жайлы естеліктерді мәңгі есте қалдырады. ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі. Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Оқушыларға «Нысана» кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.</p>	А5
Рефлексия	жемістер ағашы арқылы	